

МИРА ШҮЙІНШӘЛИЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨКІНІШ ПЕН МҰҢ

А.А.Ахметұлы

**Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
философия докторы (PhD)**

Д.О.Орақ

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты

Жаңа қоғамдық дәуір мен тарихи кезең болып, ел тарихының алтын парағына жазылған тәуелсіздік қазақ прозасына да жаңаша өрнек, өзгеше айшықтарды алып келді. Бұл заңды да құбылыс болатын. Кейбір адамдар проза жазу дегенде кез келген тақырыпты ала салып, сол турасында әңгіме немесе роман жазу деп түсінеді. Таңдаған тақырыптары қоғаммен қаншалықты үндес, қоғам үшін қаншалықты өзекті, қоғамға берер қандай да бір пайдасы бар ма деген сияқты дүниелер қалыс қалып қойып жатады. Әрине, бұл барлық прозаиктерге қатысты пікір емес.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму ерекшелігін бағамдап отырсақ, алғашқы жылдарында жарық көрген туындыларымен елді елең еткізген, тақырыбымен-ақ өз оқырманын жинай білген жазушыларымыз да аз болмады. Мақаламызда да осы қатарды толықтырып жүрген қаламгер туралы сөз қозғамақпыз.

Қазіргі қазақ прозасының дамуына үлес қосып, қоғамның өзекті мәселелерін қозғап, тың тақырыптарға қалам тербеп жүрген жазушыларымыздың бірі - Мира Шүйіншәлиева. Жазушы әртүрлі тақырыптарды қозғады. Бастапқыда Мира Шүйіншәлиева шығармаларының бірқатарымен танысып шығып, басым көпшілігі әйел тағдырына арналған ба деген ой түйдім. Расында да, барлығы демесек те, көпшілігінде қыздардың жауапсыз махаббаты, жалғысбасты аналардың қоғамнан көрген зардабы, күйеуі тастап кетсе де бар қиындыққа отбасы, балалары үшін төзген аналар өмірі туралы баяндалады. Мұндай тағдыр, ешкімді қуанта қоймасы анық. Сондықтан шығар әңгімелерінде мұң мен өкініштің орны бөлек. Әрине, әркімнің өз мұңы, өз өкініші бары ақиқат. Мұңсыздық тек Аллаға ғана тән. Жазушы шығармалары арқылы өзі өмір сүріп отырған қоғамның мұңын өз қайғысындай жеткізе біледі. Аталмыш тақырыптағы бірнеше әңгімесін атап өтсем: "Ар азабы", "Үш төмпешік", "Қара шалдың қайғысы", "Соқыр қыз", "Адасқан ару", "Жалғызбасты", "Махаббат бағы", "Қауырсын гүл", "Көз жасы", "Өкініш" т.б. Атауына қарағанда-ақ көңілге қаяу салады. Көрсетілген туындылардың үш-төртеуіне тоқталып өтсем.

"Үш төмпешік" әңгімесін оқыған кез келген оқырманның, аяқасты үкілеген үш үмітінен айырылған ата-анамен қоса егілмеуі мүмкін емес. Яғни әңгімеде колхоздың жұмысын адал атқарып, жанұямды асыраймын деп, ел-жұрттан қалыс, ауылдан көшпей қалған ата-ана үш бірдей перзентінен қапияда көз жасып қалғандағы өкініші туралы баяндалады. Үш бүлдіршіннің ажалына балаларды қақаған қыста үйлеріне жалғыз жібере салған жауапсыз тәрбиешіні кінәласа да, көмектесеміз деп, алғысын тек құр медпльмен ғана үйіп-төккен колхозды кінәласақ та, колхоздың малын бағып, адал қызмет етеміз деп мектебі бар

ауылға көшпей, ауылда қалған ата-ана өздерін кінәласа да үш бүлдіршін қайтып оралмас еді. Қайғы жұтқан ата-ананың ендігі алданышы тек үш төмпешік, үш мола ғана. Ал кеуделерінде мәңгілік өкініш. Мұндай сынақ кім-кімге де оңай тимесі анық, әрине. Алла перзентпен сынамасын, ешкімді бұлай өкіндірмесін.

"Адасқан ару" әңгімесінде де жат ағымның жетегіне еріп адасқан қыздарын қайтара алмаған ата-ата өкініші туралы жазылған. Жастайынан білімге құштар, зерек, қатарының алды болған қыздарынан әке-шеше көп үміт күтті, тілеуін тіледі, әр жетістігіне марқайды. Күндердің күнінде дәл осылай от басар деп ойлады ма? Жоқ. Алыста жүріп, мен ерге тидім, басқа дін ұстандым деп, өзге ағымның жетегіндегі жолдан кезіккен ер-азаматтың етегінен ұстап кете барды қыздары. Баталарын алмастан, рұқсатсыз некесін қидырып, разылықтарын алмастан кете барған қыздарына ата-ана қанша ренжісе де жамандыққа қиған емес. Қыздарының бас қосқан адамының дұрыс жолда емес екендерін сезген олар, қыздарын райынан қайтарып, адасып жүргендігін айтып қанша мәрте шыр-пыр болды. Тіпті некесіз туған шиіттей балаларын да бағуға көндіккен-ді. Бірақ қыздарын бұл да қайтара алмады. Шарасы таусылған ата-анаға қыздарының амандығын тілеуден басқа амал қалмады. Көзі ашық қоғамда "оқыған" қыздарының адасып, перзентінің дамыған заманда құлдықтағыдай өмір кешкенін көзі тірісінде көру ата-анаға үлкен соққы болды. Көре тұра ешнәрсе істей алмаған шарасыздықтары әке-шешені күннен-күнге мұңға батырып, кеуделерін өкінішке толтырды.

"Жалғызбасты" әңгімесінде күйеуінен ерте қалған, қырықтан енді асқан келіншек - Қапаштың өмірі туралы айтылады. Қорғаны жоқ келіншекке кез келген көз сүзе қарап, жылпысқы ойын іске асырғысы келетіні жасырын емес. Қапаш та мұндайдың талайын көрді. Ақыр соңы сол үшін нан тауып отырған жұмысынан да айырылды. Бұл жерде таңдау тек Қапашта болған. Қапаштың да бастығының дегеніне көніп, айтқанын орындағанда, жұмысында қалып, тіршілігін жалғай беруіне болатын еді. Алайда ол ардың жолын таңдады, құлқынның құлы болмады, намысын биік қойды. Әйтпегенде жанын бағып отырған жұмысынан кімнің айырылғысы бар? Қорғансыз әйел әлсіздігін пайдаланған қоғамға өкпе артып, опасыз көздерден өзін қалай қорғарын білмей мұңға батты. Алайда өмірлік өкінішке ұрынбады.

Қазақ әйелдері отбасын, баласын бәрінен биік қоятынын қазақ әдебиетіндегі кез келген шығармадан көре аламыз. Сондай туындылардың бірі жазушының "Ақынның тағдыры" драмасы мен "Дүние кезек" әңгімесі. Екі туындыда да күйеулері тастап кетсе де, бала-шағасын асырап, сол күйеуінің анасын ақтық сапарына дейін бағып-қағатын әйелдердің қасиеті еріксіз таңғалдырады. "Дүние кезек" әңгімесінде сүйіп қосылған күйеуі, уақыт өте жас қызбен көңіл қосып, балаларымен далада қалдырса да әйелі енесі мен тастап кеткен күйеуіне еш жамандық ойламай, құрмет тұтады. "Ақынның тағдыры" драмасында күйеуі тастап кетсе де, әйелі күйеуінің анасын өмірден озғанынша бағып, балаларын бір өзі асырайды. Иә, кезінде сүйіп, уәдесін беріп, қолын сұрап алған әйелдерін, уақыт өте үйінен әкелгендей балаларымен тастап кете салу, қоғамда көптеп кездеседі. Одан кейінгі салмақ, әрине, әйелге түсері сөзсіз. Ер-азаматтардың мұндай жауапсыздығы - бүгінгі күннің дерті мен өкінішіне айналып отырғаны жасырын емес.

"Махаббат бағы" мен "Соқыр қыз" әңгімелері махаббат машақатын тартып, жауапсыз сезімнің артынан ерген жас қыздар туралы болмақ. Бірінде Оқастың сезімі жауапсыз болса да, хабарын күтіп, бос қиялға елітіп, өзін мұңға батырған Бекзада туралы айтылса,

"Махаббат бағында" ерте үзілген қыршын ғұмыр Оралбектің кеткеніне сене алмай, күндерін сағыныш пен мұңға толтырған Гүлсараның махаббаты баяндалады.

"Өкініш" пен "Көз жасы" әңгімелерінде жас қыздардың алабұртқан шақтарында ойланбай қателікке ұрынып, і күндерін зкiнiшпен өткізген қос тағдыр туралы баяндалады. "Көз жасы" әңгімесінде Дариға өзін сүйген, отбасын құрметтеген, өзі үшін бәріне дайын Төкесті тастап, жарты жолда кезіккен Қасым есімді жігітпен бас қосады. Оқуды бітіріп, бірге шаңырақ құрамыз, бесік тербетеміз деп көңіл қосқан қызы Төкесті осылайша арманымен бірге орта жолда қалдырып кетті. Алайда отбасын құрып, бала-шағалы болса да, Төкестің Дариғаға деген адал махаббаты, риясыз сезімі еш өзгерген емес. Тіпті әйелінің қарсылығына қарамай, қыздарының атын Дариға деп қойды. Иә, Төкестің кіршіксіз, адал махаббаты көрген көзді сүйсіндірсе де, аянышты. Ал осындай жігіттің сезімінен бас тартып, байлық, әдемі тұрмыс үшін өзгенің етегінен ұстаған Дариғаның өмірі не болды? Іздеген бақытын тапты ма? Өкінішке орай, ол жеңіл ойлапты, керемет деп бас қосқан Қасымы бүгінде араққа салынып, әдемі өмірлерінің құты қашқалы қашан... Дариғаның қазіргі көңіл жұбатары Төкестен алған хабары ғана. Ішімдікке салынып, ел алдында да, отбасының алдында да сыйы кеткен Қасыммен кешіп жатқан өмірін ойлап, Төкестің көз жасы шығар деп әр сәт кеудесін өкініш кернейді. Автор дұрыс айтады, Төкестің көз жасы шығар...

Иә, бақыт ұғымын, бақытты өмір сүруді әркім әрқалай түсінеді. Мына шығармаларды оқи отырып, бақыттың бір тармағы өкінішсіз ғұмыр кешу ме деген ой түйдім. Әркім өз өмір сапарында, қалаған жолымен жүреді. Таңдауды да өзі жасайды. Сондықтан барлық қиындықты тағдырға арта салуға болмайды. Адамдар әртүрлі. Ойлары, таңдаулары, өмірлік қағидалары да бөлек. Сол себепті бірдей ойламайды, бірдей таңдау да жасамайды содан да болар бәрі бірдей бақытты емес. Пенде болған соң қателесеміз, болмашы нәрсеге өкпелейміз, артынан өкінеміз. Алайда бұл мәңгілік өкініш болмаса болғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шүйіншәлиева М. Жүректегі құпия: повесть, новелла, әңгімелер. – Орал, 2009. 360 б.
2. Шүйіншәлиева М. Ар азабы: пьесалар, хикая мен әңгімелер – Алматы: Үш қиян, 2017. – 419 б.